

**Егеменді Қазақстандағы  
мектеп пен педагогика  
(1992 жылдан қазіргі күнге дейін)**







# Жоспар:

1. Тәрбие мен оқытудың қазіргі педагогикалық технологиялары және оларды топтау.
2. Тұлғаға бағдарланған білім беру технологиялары.





Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «**Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу**» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін, әрбір білім беру мекемедегі ұжымының, әрбір мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Қазіргі уақыттағы оқытудың маңыздысы – оқушылардың танымдық қызметінің артуы, жеке тұлғаның өзіндік дамуына бағыт, оның мүмкіндігінің жүзеге асуын қадағалау. Оқытудың осындай міндеттері педагогикалық технологияға біздің түсінетініміз алдыңғы қатарлы педагогикалық ойларды, принциптерді, таза ғылым ережесінің негізін игеру болып табылады.



**Білім беру практикасында «педагогика  
технология» ұғымы үш өзара  
бағынышты деңгейде қолданылады**

**1. Жалпы педагогикалық (дидактикалық)  
деңгей**

**2. Жеке әдістемелік (пәндік) деңгей**

**3. Модульдік деңгей**



**Жалпы педагогикалық (дидактикалық) деңгей**



Технология белгілі бір аймақтағы, оқу орнындағы, оқытудың білім деңгейіндегі тұтас білім беру үрдісін сипаттайды. Мұнда педагогикалық технология, педагогикалық жүйе ұғымымен мағыналас: оған оқытудың мақсаты, мазмұны, құралы, әдістер жиынтығы, үрдістің объектісі, субъектісінің іс-әрекеттік алгоритмі енеді.

**Жеке әдістемелік (пәндік) деңгей**



бұл «жеке әдістеме», яғни бір пән, сынып, шеберхана аясында оқыту мен тәрбиенің белгілі бір мазмұнын жүзеге асыру да қолданылатын әдіс, құралдар жиынтығы (мысалы, оқу пәндерін оқыту әдістемесі және т.б.)

**Модульдік деңгей**



бұл оқу-тәрбие үрдісінің кейбір бөліктерінің технологиясы, жеке дидактикалық және тәрбиелік міндеттерді шешу (іс-әрекеттің бір түрінің технологиясы, ұғымдарды қалыптастыру, жеке тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру, сабақ технологиясы, жаңа білімді меңгеру технологиясы және т. б.)



# Педагогикалық технологияның негізгі құрылымдық бөліктері

1.

Оқытудың  
мазмұндық бөлігі



- ❖ оқытудың мақсаттары – жалпы және нақты;
- ❖ оқу материалының мазмұны;

2.



Тұжырымдамалық  
негізі

3.

Үрдістік бөлік –  
технологиялық  
үрдіс



- ❖ оқушылардың оқу әрекетінің әдістері мен формалары;
- ❖ мұғалім жұмысының әдістері, формалары;
- ❖ материалды меңгеру үрдісін басқарудағы мұғалім әрекеті;
- ❖ оқу үрдісін диагностикалау.



**Тұжырымдамалық негіздің болуы.** Кез-келген педагогикалық технологияға белгілі білім ғылыми тұжырымдама тән. Оған білім беру мақсаттарына жетудің философиялық, психологиялық, дидактикалық және әлеуметтік-педагогикалық негіздемесі енеді.


**Жүйелілік.** Педагогикалық технология жүйеге тән барлық қасиеттерге ие болуы тиіс: үрдістің логикасы, барлық бөліктерінің өзара байланысы, тұтастығы.

**Кез-келген педагогикалық технологияға қойылатын негізгі әдіснамалық талаптар**


**Басқарушылық сипаты.** Оқу үрдісін жобалау, жоспарлау, диагностикалық мақсаттар қою, нәтижені түзету мақсатында әдіс-тәсілдерді, құралдарды өзгерту.


**Қайта өндірілуі.** Педагогикалық технологиялар білім беру орындарында түрлі субъектілердің қолдана алу (қайталау, қайта өндіру) мүмкіндігі.

**Тиімділік.** Қазіргі педагогикалық технологиялар бәсекелестік жағдайында өмір сүргендіктен, нәтижесі бойынша тиімді, шығындары бойынша үнемді, оқытудың белгілі білім стандарттарына жетуді қамтамасыз ететіндей болуы тиіс.










**Ынтымақтастық педагогикасы** – білім беруде көптеген жаңалықтарды өмірге келтірген, оқушылармен, ата-аналармен қарым-қатынасы, т.б. көптеген жағдайларды қамтитын қарым-қатынас.

**Модульдік оқыту технологиясы** – білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді.

**Дамыта оқыту технологиясы** – түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі, оқушылардың қабілеттері, сөз саптауы еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігін арттырады.

**Ойын арқылы оқыту технологиясы** – дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық мақсатқа жету. Ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талабына сүйенеді. Баланың бойындағы қабілеттерді аша түседі.




Түсіндіре оза оқыту технологиясы – барлық баланы табысты оқыту. Оқу материалдардың бірізділігі, жүйелілігі, саралау, әр оқушыға берілетін тапсырманың қолайлығы, бағдарламаның кейбір тақырыптарда біртіндеп ойнату әдісін қолдану. Сабақты пысықтауға әуелі озаттар, сосын ортаншылар, соңында нашар оқушылар қатысады. Бірте-бірте толық дербестікке жету.

Өздігінен даму технологиясы – баланы жан-жақты дамыту, дербестікке тәрбиелеу, бала санасында нәрселер әлемі мен ойлау әрекетінің бірігуі. Оқыту баланың дамуына сәйкес табиғи болуы керек, сонда бала өзін-өзі дамытады.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту – оқыту мен үйретудің моделі, қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс. Сабақтағы аса қажетті мәнді, маңызды әрекет болып табылады. Осы сабақ кезінде үйренуші не үйренгенін саралап, салмақтап, оны қағдай жағдайда, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізеді.

Оқытудың проблемалық технологиясы – ақпаратпен жұмыс істей білуді қалыптастыруды және қатынас қабілетін дамыту, жеке басты «ақпараттық қоғамға» даярлау. Мұнда оқыту оқушының тікелей компьютермен қатынасы арқылы орындалады.





**Проблемалық оқыту** – оқушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамыту. Оқушы материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдамай, білімге деген қажеттілігін қанағаттандырады.

**Оза оқыту технологиясында** грамматикалық ұғым, түсініктер тірек сызбаларды пайдалану арқылы блок бойынша оза оқытылады. Тірек сызбалардың проблемаларды шешу құзыреттілігін қалыптастыруда үлкен рөлі бар.

**Бағдарланған технологияда** оқу-тәрбие процесінде балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру, әр білім алушының оқу тапсырмаларын орындауына қолайлы жағдай жасау көзделеді. Оқушыларды өзіндік ерекшеліктеріне сай оқыту.

**Деңгейлеп оқыту** – білім алушының жеке қабілетін анықтауға, оқушылардың бір-бірінен қалмауына мүмкіндік береді. Әр білім алушы өздігінен жұмыс істеуге дағдыланып, өз деңгейімен бағаланады.

**Оқытуды ізгілендіру технологиясы** – шәкірттердің рухани дамуын, сөйлеу әдебі ерекшеліктерін, жағдаяттық қарым-қатынасты игеру, жеке тұлға ретінде қалыптасуын жүзеге асыруға бағытталады.

**«Тұлғалық бағдарлы педагогика», «тұлғалық бағдарлы білім беру», «тұлғалық бағдарлы технологиялар»** терминдері педагогикада 80-шы жылдардың аяғында пайда болған.

**«Тұлғалық бағдарлы»** сөз тіркесі білім беру үрдісінде қолданылуына байланысты біздің педагогикалық сөздікке ағылшынның "person-centered" («тұлға орталықты») және "pupil - centered" («оқушы орталықты») сөздерінің аудармасынан енгізілген. Олар Карл Роджерстің гуманистік педагогикасы және гуманистік психологиясындағы ұғымдардың бірі еді.

**Тұлғалық бағдарлы технологиялар** дегеніміз педагогикалық ситуацияларда нәтижеге жеткізуде қажет құралмен қамтамасыз ететін, тұлғаны дамытуға бағытталған іс-әрекеттер, операциялар мен шаралардың реттелген жиынтығы.

**ойын  
технологиялары**

**тренингті  
технология**

**Интеграци  
яланған  
технология**

**оқу-  
кеңістік  
ортасы**

**диалогты  
әдіс**

**Тұлғалық бағдарлы білім  
берудің ұстанымдарына сәйкес  
технологиялар**

**сын  
тұрғысынан  
ойлауды  
дамыту**

Осы аталған оқыту технологиялары әртүрлі болғанмен, олардың жалпы бір ұқсастығы бар: практикада олардың барлығы оқытудың сынып-сабақ жүйесінде негізделеді. Бірақ оларды практикада қолдану мынадай факторлармен қиылыспайды: ең жақын даму аймағында оқытуды ұйымдастырумен (тұлғалық бағдарлы білім беруде ең бастысы осы болып табылады); шығармашылық оқыту әдістерімен; оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне оқытудың бағытталуымен.



**Жеке тұлғаға бағдарланған оқыту материалды шығармашылықпен меңгеру аясын кеңейтеді және жеке тұлғаға бағдарланған оқыту мұғалімнен төмендегідей іс-әрекетті талап етеді**



**1) өз оқушыларының темпераменті, мінезі-құлқы, көзқарасы, талғамы мен әдеп-дағдыларының жеке ерекшеліктерін үнемі зерделеп, жақсы білуі;**



**2) жеке тұлғаның ойлау ерекшелігі, қызығушылығы, мүддесі, ұстанымы, бағытталуы, өмірге, еңбекке көзқарасы, құндылық бағыттары, өмірлік доспары және т.б. сияқты аса маңызды тұлғалық қасиеттерінің нақты қалыптасу деңгейін қадағалап, білуі;**



**3) әрбір оқушыны өз шамасына сай және біртіндеп күрделене беретін әрі жеке тұлға дамуын қамтамасыз ететін тәрбиелік әрекетке үнемі тартып отыруы;**



**4) мақсатқа жетуге кедергі келтіретін себептерді уақытылы айқындап, жойып отыруы, ал егер мұны уақытылы істей алмаса, жаңа жағдайларға сай тәрбие тактикасын жедел түрде өзгертуі;**



**5) жеке тұлғаның өз белсенділігіне неғұрлым көбірек сүйенуі;**



**6) тәрбие ісін жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуімен ұштастырып, өзін-өзі тәрбиелеу мақсаттарын, әдістерін, формаларын таңдауға көмек беруі;**



**7) оқушылардың дербес әрекетін, бастамашылдығын, әрекетшілдігін дамытып, басқаруы емес, табысқа жетелейтін қызметті ұйымдастырып, бағыттауы тиіс.**

***Пайдаланылган әдебиеттер:***







*Зейін қойып қарағандарыңызға  
рахмет!*